

Аймханова Г.К.¹, Ногаева Н.М.¹

¹УО «Alikhan Bokeikhan University»

¹Казахстан, Семей

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ: АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН АЛДЫН-АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және оның алғы шарттары өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресуде алдыңғы қатардағы мемлекеттер тәжірибесімен қатар халықаралық қатынастардың да маңызы зор. Мақалада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен қатар атқарылу керек жұмыстар ұсынылады.

Негізгі сөздер: ескерту, сыбайлас жемқорлық, құқықтық жауапкершілік, алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, мемлекеттік саясат, қоғамдық сана

Аймханова Г.К.¹, Ногаева Н.М.¹

¹УО «Alikhan Bokeikhan University»

¹Казахстан, Семей

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Коррупция: предпосылки и особенности профилактики

Аннотация

Одной из актуальных проблем является профилактика коррупции и ее предпосылки. Наряду с опытом передовых государств в борьбе с коррупцией большое значение имеют международные отношения. В статье предлагается работа, которая должна сопровождаться работой, проводимой в направлении коррупции.

Ключевые слова: предупреждение, коррупция, правовая ответственность, предотвращения, антикоррупционная культура, государственная политика, общественное сознание

Nogaeva N.M.¹, Aimkhanova G.K.¹

¹Educational Institution «Alikhan Bokeikhan University»

¹Kazakhstan, Semey

e-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Corruption: prerequisites and features of prevention

Annotation

One of the urgent problems is the prevention of corruption and its prerequisites. Along with the experience of advanced States in the fight against corruption, international relations are of great importance. The article suggests work that should be accompanied by work carried out in the direction of corruption.

Key words: prevention, corruption, legal responsibility, prevention, anti-corruption culture, public policy, public consciousness

Еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып отыр. Үлкен әлеуметтік мәселе болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты

алаңдататыны айқын.

Тарихи, күрделі және өзгермелі әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны мәлім. Атақты француз философы Шарль

Луи Монтескье: «Көптеген ғасырлар тәжірибесі көрсеткендей, қолында билігі бар адам, қылмыс жасауға бейім тұрады және де тиісті шекке жетпейінше, сол бағытта әрекет жасай береді», - деп айтқан[1].

«Сыбайлас-жемқорлық» деген не? Бұл түсінікті мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "concupire" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Елімізде «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға тенеілген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Мемлекет басшысы Қасым—Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Көне заман тарихына көз жүгіртетін болсақ, алғашқы және ерте таптық қоғамдарда абыздарға, көсемдерге, әскербасыларына олардың көрсеткен көмегі, қызметі үшін төлемақы беру әдеттегідей норма болып қабылданғаны мәлім. Жоғары шенде тұрған басшылар қарамағындағы төменгі шендегі қызметкерлердің белгіленген бір төлемақыға риза болғанын талап ете бастады, яғни олар белгілі бір

көлемде жалақы алатын болды[2]. Ал төменгі шендегі қызметкерлер лауазымдық міндеттерін орындау барысында көрсеткен қызметі үшін жасырын түрде қосымша төлем талап еткен. Осы құбылысты сыбайлас жемқорлықтың алғашқы белгілері деп қарастыруға болады.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне тән көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді.

Қазіргі отандық әдебиеттерде: «Сыбайлас жемқорлық - деп қоғамдық және саяси қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың сатқындығын, оларды сатып алуды, яғни саяси, экономикалық, әскери және тағы басқа да салалардағы қызметкерлердің қолындағы билігінің мүмкіндіктерін және қызмет бабын жеке басын байыту мақсатында пайдалануын айтады».

А.Н. Ағыбаевтың пікірінше: «Сыбайлас жемқорлық - бұл кез-келген лауазымды тұлғаның өзіне және тағы басқаларға заңсыз жолмен пайда әкелу мақсатында жасаған қылмысы[5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындау және барынша азайту болып табылады. Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерін қозғайтын шешімдерді қабылдаған кездегі ашықтықтың жеткіліксіз болуы, мемлекеттік аппараттың қызметінде тиісті азаматтық бақылаудың және қоғамдық пікірді ескерудің болмауы артық төрешілдікке, әкімшілік кедергілер мен лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануға алып келеді, бұл жиынтығында сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуіне ықпал ететін келеңсіз факторларды қалыптастырады.

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық мәселесін әрбір мемлекетте, түрлі халықаралық ұйымда кездестіруге болады. Бірақ ол барлық жерде бірдей бола бермейді. Тарихи дәуір және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қарай сыбайлас жемқорлықтың пайда болу мәселелері де әр

алуан болып келеді. Кейбір шет елдердің мемлекеттік басқаруында және мемлекеттік қызметінде жемқорлықтың алдын алуға және жоюға бағытталған әкімшілік қалыптың кешендері құрылған. Бірқатар мемлекеттерде шенеуніктердің ар кодексі немесе этикалық кодекстер жиынтығы болып табылатын арнайы заңдар қабылданған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай алғанда ТМД бойынша да жемқорлыққа қарсы неғұрлым мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылады. Мұндай құқықтық актілердің қатарына 1998 жылғы “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” Заңды, Жемқорлықпен күрестің жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қосуға болады. 2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі бекітілді. Ал 2007 жылдың 12 қаңтарында “Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы” заң қабылданды. Бұл заңнамалық актілердің мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілеу, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапаларына қойылатын талаптарды арттыру[3].

Мәселен алатын болсақ сот төрелігінің мінсіз жүйесін қалыптастыруға бағытталған саясатты айтуға болады.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, сот төрелігін іске асырудың сапасын жақсарту үшін судьялардың қызметіндегі сыбайлас

жемқорлықты болдырмау, оның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды қатаңдандырғандығының көрінісі.

Құқық қорғау органдарының кадр саясатында мемлекеттік әкімшілік қызметтің жүйесінде қолданылып жүрген конкурстық іріктеу тетіктері мен меритократия қағидасының енгізілгендігінде айта кеткен жөн.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жұртшылықтың көмегінсіз мүмкін емес. Сол себептен мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді. Ол үшін халықтың құқықтық мәдениетін арттырып, құқықтық нигилизммен күресу керек.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мүдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану пайдасыз және мүмкін емес болатын шараларды одан әрі қабылдап, жағдайлар жасау керек. Мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңмен жоғарылату жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі болып табылады.

Қазіргі таңда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу рәсімі неғұрлым оңай және ашық болса, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі де соншалықты төмен болады. Сол себепті қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кең пайдалану да адам факторының ықпалын барынша азайтады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі салаларында мемлекеттік қызметтерді көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылған. Осы жасалып

жатырған саясаттың барлығы сыбайлас жемқорлықтың алдын алып болдырмау мақсатында жасалуда[4].

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-

қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы - Елорда, 2017ж
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ
4. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы
5. Ағыбаев А.Н. Ответственность должностных лиц за служебные преступления. Алматы: Жеті жарғы, 1997.

References

1. Қазақстан Respublikasynuң Konstitucijasy - Elorda, 2017zh
2. Sybajlas zhemqorlyqqa qarsy is-kimyl turaly Қазақстан Respublikasynuң Заңу 2015 zhylғы 18 qarashadary № 410-V ҚRZ
3. Қазақстан Respublikasynuң memlekettik qyzmeti turaly Қазақстан Respublikasynuң Заңу 2015 zhylғы 23 qarashadary № 416-V ҚRZ
4. Қазақстан Respublikasynuң 2015-2025 zhyldarға арналған sybajlas zhemqorlyqqa qarsy strategijasy turaly Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң 2014 zhylғы 26 zheltoqsandary № 986 Zharlyғу
5. Aғыbaev A.N. Otvetstvennost' dolzhnostnyh lic za sluzhebnye prestuplenija. Almaty: Zheti zharғы, 1997

Сведения об авторах

Аймханова Гульмира Кырыкбаевна

Должность: магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, AlikhanBokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, город Семей, улица Левоу Восточный 903

Сот. тел: 7 747 19989 51

Е-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com

Ногаева Нурбану Макашевна

Должность: магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, AlikhanBokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, улица Глинка 34, кв 36

Сот. тел: 7 778 937 77 09

Е-mail: nurbanu.makash@mail.ru

"ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY" ХАБАРШЫСЫ, № 2 (61), 2024

Авторлар туралы мәліметтер

Аймханова Гульмира Кырыкбаевна

Лауазымы: тарих ғылымдарының магистрі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Левоу Восточный көшесі 903

Ұялы. Тел 7 747 19989 51

E-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com

Ногаева Нурбану Макашевна

Лауазымы: құқықтану ғылымдарының магистрі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, AlikhanBokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Глинки көшесі 38, кв 36

Ұялы. Тел 778 937 7709

E-mail: nurbanu.makash@mail.ru

Information about the authors

Aimkhanova Gulmira Kyrykbaevna

Position: master of historical sciences, Senior Lecturer at the Department of Social Sciences and Humanities, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Semey city, Levoy Vostochny 903 street 1

Mob.phone: 7 747 19989 51

E-mail: kyrybaevnagulmira@gmail.com

Nogaeva Nurbanu Makashevna

Position: master of legal sciences, Senior Lecturer at the Department of Social Sciences and Humanities, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, , Semey city, Glinka street 34, apt. 36

Mob.phone: 7778 937 7709 **E-mail:** nurbanu.makash@mail.ru